

ОТЗЫВ

на диссертационную работу Картжан Наркозы Есенгелдиулы по теме «Концептосфера умственной деятельности в казахском и английском сказочном дискурсе (по материалам волшебных сказок)» на соискание ученой степени доктора философии (PhD) по специальности «8D02304 - Филология»

Последние годы характеризуются повышенным интересом лингвистов к изучению дискурсивных аспектов языка, а также необходимостью дальнейшей разработки проблем, связанных с выявлением механизмов формирования сказочного дискурса, сказочных образов и их вербального воздействия на поведение и мышление человека. Как известно, сказочный дискурс транслирует через языковые средства культурные ценности, хранящиеся в коллективном сознании народа, среди которых умственная и мыслительная деятельность являются преобладающими концептами. Основные направления и идеи исследования, предпринятого диссертантом Картжан Наркозы Есенгелдиулы, соответствуют современным тенденциям развития языкознания.

Актуальность и научная новизна предлагаемого исследования определяются, прежде всего, междисциплинарностью и комплексностью подходов: когнитивная лингвистика (лингвоконцептология), дискурсология (дискурс-анализ), лингвокультурология, сравнительно-сопоставительное языкознание в рамках антропоцентрической парадигмы языкознания позволяют поэтапно решить поставленные в работе задачи: уточнить категориальный статус и конститутивные признаки сказочного дискурса, охарактеризовать структуру концептосферы умственной деятельности и соответствующие языковые единицы в дискурсе волшебной сказки, установить общие, универсальные и национально-специфические параметры актуализации концептов умственной деятельности в сказочном дискурсе разносистемных языков – казахского и английского.

Научно значимым данное исследование Картжан Наркозы делает и предпринятый им ассоциативно-экспериментальный анализ исследуемой концептосферы отдельно в каждом национальном языке и в сравнительно-сопоставительном аспекте. Материал исследования, подвергнутый анализу, богатый и иллюстративный, составляет в общей сложности 422 страниц текстов сказок в казахском языке и 405 страниц - в английском языке. Для анализа диссертант выбрал наиболее динамично развивающийся подтип сказочного дискурса – волшебную сказку, разнообразная тематическая рубрикация которой отражает базовые ценности социума.

Целью своего научного исследования диссертант определил выявление общих, универсальных и национально-культурных параметров вербализации концептосферы «умственная деятельность» в казахском и английском волшебном сказочном дискурсе на основе сопоставительного анализа. Для достижения поставленной цели был предпринят всесторонний анализ научно-теоретической литературы по проблематике; обобщенные данные позволили автору развить и обосновать теоретическую базу исследования.

В теоретической части диссертации Картжан Наркозы устанавливает генетические истоки сказочного дискурса, разграничивает понятия сказочного дискурса и жанра сказки в фольклоре, уточняет роль концептологических исследований, приводит анализ методов исследования концептов в дискурсе. Как итоговый результат, автором предлагается комплексная методика анализа концептосферы «умственная деятельность» в сказочном дискурсе на основе достижений лингвокогнитологии и лингвокультурологии.

В практической части исследования впервые на материале двух разносистемных языков - казахского и английского – представлен анализ языковых средств актуализации концептосферы «умственная деятельность» в текстах волшебных сказок, выявлены понятийные, образные, ценностные компоненты опорных концептов умственной деятельности. Опорные концепты сгруппированы и схематизированы, обобщены результаты лексико-семантического, полевого, лингвоконцептологического анализа, определены

**Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының
«8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Ертегі дискурсындағы ақыл-ой
әрекетінің концептосферасы (қазақ-ағылшын қиял-ғажайып ертегілері
негізінде)» диссертациясына**

ІШКІР

Соңғы жылдары тіл мамандарының тілдің дискурсивті аспектілерін зерттеуге деген қызығушылығының артуы, сондай-ақ ертегі дискурсының, ертегілік бейнелердің қалыптасу механизмдерін анықтауға және олардың адамның мінез-құлқы мен ойлауына әсер етуімен байланысты мәселелерді одан әрі дамыту қажеттілігімен сипатталады. Белгілі болғандай, ертегілік дискурс халықтың ұжымдық санасында сақталған мәдени құндылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізеді, олардың арасында ақыл-ой және ақыл-ой әрекеті басым ұғымдар болып табылады. Диссертант Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы жүргізген зерттеу жұмысының негізгі бағыттары мен идеялары тіл білімінің қазіргі даму үрдістерімен сәйкес келеді.

Ұсынылып отырған зерттеудің өзектілігі мен ғылыми жаңалығы, ең алдымен, әдіс-тәсілдердің пәнаралық және күрделілігімен анықталады: когнитивтік лингвистика (лингвоконцептология), дискурстану (дискурстық талдау), лингвомәдениеттану, салыстырмалы-салғастырмалы лингвистика әдістемелер кешені арқылы қойылған міндеттерді кезең-кезеңімен зерттеуге мүмкіндік береді: ертегі дискурсына тән белгілерді анықтау және сипаттау, ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекетінің концептосферасының құрылымын және сәйкес тілдік бірліктерді көрсету, құрылысы әртүрлі тілдер жүйесіндегі – қазақ және ағылшын тілдері ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті туралы концептілердің өзектелуіндегі ортақ, әмбебап және ұлттық ерекше өлшемдерді анықтау.

Қартжан Нарқозының бұл зерттеуін ғылыми тұрғыдан маңызды ететіні оның зерттелетін ұғым саласына әр ұлттық тілде жеке-жеке, сондай-ақ салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде жасаған ассоциативті-

эксперименттік талдауы болып табылады. Талданған зерттеу материалы бай және көрнекі, қазақ тіліндегі ертегі мәтіндерінің жалпы көлемі 422 бетті және ағылшын тіліндегі 405 бетті құрайды. Талдау үшін диссертация авторы ертегі дискурсының ең серпінді дамып келе жатқан түрін – тақырыптық топтары әртүрлі, қоғамның негізгі құндылықтарын бейнелейтін қиял-ғажайып ертегіні таңдаған.

Оның ғылыми зерттеуінің мақсаты салғастырмалы талдау негізінде қазақ және ағылшын ертегілік дискурсындағы «ақыл-ой әрекеті» концептасының вербалдануының жалпы, әмбебап және ұлттық-мәдени өлшемдерін анықтау болды. Осы мақсатқа жету үшін диссертация авторы аталған мәселе бойынша еңбектерге жан-жақты ғылыми-теориялық шолу жасап, зерттеу материалдарына концептуалды және дискурсивті талдау жүргізген.

Диссертацияның теориялық бөлімінде Қартжан Нарқозы ертегі дискурсының генетикалық бастауын анықтайды; фольклордағы ертегі дискурсы ұғымдары мен ертегі жанрының аражігін ажыратады, концептуалды зерттеудің рөлін нақтылайды, дискурстағы концептілерді зерттеу әдістеріне талдау жасайды. Түпкілікті нәтиже ретінде автор лингвокогнитология мен лингвомәдениеттану жетістіктеріне негізделген ертегі дискурсындағы «ақыл-ой әрекеті» концептасын талдаудың кешенді әдістемесін ұсынады.

Зерттеудің практикалық бөлімінде алғаш рет құрылысы әртүрлі екі тілдік жүйені – қазақ және ағылшын тілдерінің материалы негізінде ертегі мәтіндеріндегі «ақыл-ой әрекеті» концептасының өзектелуінің тілдік құралдарына талдау жасаған, ақыл-ой әрекетінің тірек концептілерінің ұғымдық, бейнелі және құндылық компоненттері анықталады. Тірек ұғымдар топтастырылып сызбаға түсіріледі, лексика-семантикалық, өрістік және лингвоконцептологиялық талдау нәтижелері келтіріліп, сандық және пайыздық көрсеткіштері айқындалып, сәйкес қорытындылар ұсынылады.

Диссертацияны біртұтас, аяқталған зерттеу ретінде бағалай отырып, диссертация авторының дербес ғылыми зерттеуші ретіндегі өсу кезеңдерін

атап өту қажет. Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы докторантурада оқып жүріп, диссертациялық жұмысты дайындау барысында ғылыми-зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдерін жеткілікті меңгергенін, өзін белсенді, шығармашыл, тәртіпті зерттеуші ретінде көрсете білді. Жағымды қасиеттерінің қатарында Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының тіл білімі саласында қажетті теориялық білімі бар, іс жүзінде қазақ және ағылшын тілдерін жетік меңгерген білікті маман екенін де атап өтуге болады. Жұмыста берілген диаграммалар мен кестелер, суреттер диссертанттың ақпараттық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгергенін көрсетеді.

Қартжан Нарқозы зерттеулерінің нәтижелері 5 ғылыми мақалада көрініс тапты, оның бірі Scopus деректер базасына енгізілген журналда, үш мақала Комитет ұсынған ғылыми басылымдарда және бір мақала халықаралық ғылыми конференция жинағында жарияланған.

Жалпы Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының диссертациялық жұмысы «8D02304 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін барлық талаптарға сай келеді. Ұсынылған ғылыми жұмыстың жаңашылдығын, оның теориялық және практикалық маңыздылығын ескере отырып, осы диссертациялық зерттеуді қорғауға ұсынуға болады деп санаймыз.

Шетелдік ғылыми кеңесші –
филология ғылымдарының докторы,
гуманитарлық факультеттердің шетел тілі
кафедрасының профессоры,
Уфа ғылым және технологиялар университеті
Уфа қ., Ресей

А.Р. Мухтаруллина



Мухтаруллинной А.Р.
«16» 10 2024г.
Зам. ректора общего отдела УУНИТ Т.Ильминбаева Т.Р.